

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті



**«XXI ғасыр педагогикасындағы Абай мұралары» атты педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға арналған республикалық педагогикалық олимпиада**

**Қазақстан Республикасы,  
Қарағанды қаласы, 7 сәуір 2023 жыл**

---

---

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

### **Құрметті, әріптестер!**

Сіздерді 2023 жылы 7 сәуірде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өтетін «XXI ғасыр педагогикасындағы Абай мұралары» атты педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға арналған республикалық педагогикалық олимпиадаға қатысуға шақырамыз.

**Олимпиада мақсаты** – Абайдың көркем әдеби мұрасын сақтау; білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу, талантты, дарынды білім алушыларды қолдау; білім алушылардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруда көмек көрсету; білім алушылар мен жас ғалымдарды қазіргі заманымыздың ғылыми мәселелерін шешуге тарту; ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту.

Олимпиадаға Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын күндізгі оқу бөлімінің 2-3 курс студенттері қатыса алады. Команда құрамы - 4 адамнан аспауы керек (қазақ және орыс тілдерінде).

**Олимпиаданың жұмыс тілдері:** қазақ және орыс.

**Олимпиаданың негізгі бағыттары:**

(олимпиаданың негізгі тақырыбына сәйкес келуі керек)

- ғылыми жоба қорғау;
- театрландырылған қойылым көрсету (10-15 минут);
- «Абайдың педагогикалық мұраларын оқу үдерісінде пайдалану» бойынша сабақ үзіндісін көрсету (10-15 минут).

Олимпиадаға қатысушылардың өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты; студенттік билеті болуы тиіс. Команданы міндетті түрде жетекші алып жүреді.

Олимпиадаға қатысуға байланысты барлық шығындар (жол жүру, тамақ, тұру) жіберуші тарапынан жүзеге асырылады.

Олимпиаданың өткізілу уақыты 7 сәуір сағат 9.00 мен 18.00 арасы екенін еске саламыз.

**Олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне құжаттар тапсыру тәртібі:**

Студенттердің жеке куәлігі мен студенттік куәліктері болуы қажет.

Педагогикалық олимпиадаға қатысуға өтінімдер 2023 жылдың 3 сәуіріне дейін арнайы бланктің электрондық нұсқасын толтыру арқылы (әрбір қатысушы үшін толтырылады) [pedagogikap@bk.ru](mailto:pedagogikap@bk.ru) электрондық поштасына жіберілуі керек.

**Тіркеу картасы**

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (толық)	
2.	Білім беру бағдарламасының шифры, курсы, оқу тілі	
3.	ЖОО (толық атауы)	
4.	ЖОО мекен-жайы	
5.	Қатысушының байланыс телефоны, электронды поштасы	
6.	Келу уақыты, транспорт түрі	
7.	Кету уақыты, транспорт түрі	
8.	Команда жетекшісінің аты-жөні, лауазымы және оның байланыс телефоны, электронды поштасы	

**Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:** 100024, Қарағанды қаласы, Карбышев көшесі, 7. 304 аудитория - «Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық» кафедрасы.

**Өткізілу орны:** Қарағанды қаласы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 11 оқу корпусы. Педагогика факультетінің акт залы.

**Жауапты тұлғалар:**

**Кеңесбекова Салтанат Амангелдіқызы**

Байланыс телефоны +7 775 447 07 86

Электронды поштасы [Saltanat1982kaz@mail.ru](mailto:Saltanat1982kaz@mail.ru)

**Нұрсұлтанқызы Айгерім**

Байланыс телефоны +7 708 756 21 52

Электронды поштасы [n.aikerim95@mail.ru](mailto:n.aikerim95@mail.ru)